

## 2014-2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспарының іске асырылуы туралы есеп

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 167 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 2014-2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспарының іске асырылуы туралы

### ЕСЕП

Есеп беру кезеңі: **2016 жыл**

#### 1. Тәуекелдерді басқаруды талдау

Ықтимал тәуекелдің атауы	Тәуекелдерді басқару бойынша жоспарланған іс-шаралар	Тәуекел шаралары
1	2	
<b>1-стратегиялық бағыт.</b> Заңдылықты қамтамасыз етуге және азаматтардың конституциялық құқықтарын мүдделерін мүлтіксіз сақтауға бағытталған қадағалау		
<b>1.1. мақсат</b> Заңның үстемдігін, азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің құқықтарын қамтамасыз ету		
<b>1.2. мақсат</b> Арнайы прокурорлардың сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу кезінде заңдылықты қамтамасыз ету		
<b>1.3. мақсат</b> Шетелдік арбитраждар мен сот органдарында заңдылықты қамтамасыз ету		
Заңның жетілмегендігі (құқық нормалары арасындағы қайшылықтар, құқықтық кемшіліктер және басқалары) заңдылықты қамтамасыз етуге және азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің құқықтарын, бостандықтарын мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауда қиындықтар тудыруы мүмкін.	Қадағалау қызметін жүзеге асыру кезінде нормативтік құқықтық актілерге мониторинг жүргізіп, заңнаманы жетілдіру туралы ұсыныстар жасап шығару және іске асыру, оның ішінде уәкілетті мемлекеттік органдар арқылы.	Ø уәкілетті
Мемлекеттік органдарда құқық қолдану практикасын бірдей тәртіпте жүргізбеу заң бұзушылыққа және азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің құқықтарын, бостандықтарын мен заңмен қорғалатын мүдделерін бұзушылыққа әкеп соғуы мүмкін.	Үйлестіру кеңесінің отырыстары, прокуратура органдарының алқасы және басқа да ведомстваралық кеңестер мен іс-шаралар шеңберінде ведомстваралық өзара іс-қимылды жүзеге асыру.	Қазақстан Республикасының құқық қорғау жүйесіндегі кәсіпкерлік қорытындыларды көрме ведомстваралық құрамының алқа отырыстары  Талқылау
Прокурорлардың Прокуратура органдары мен мекемелері қызметкерлерінің ар-намыс кодексін сақтамауы (орындамауы), олардың құқық бұзушылықтар, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауы халықтың прокуратура органдарына деген сенімі деңгейін төмендетуі мүмкін	Прокуратура органдары мен мекемелері қызметкерлерінің ар-намыс кодексі талаптарының бұзылуының, өз қатарларында сыбайлас жемқорлық жасаудың алдын алуға, және оған қарсы іс-қимылға бағытталған профилактикалық шаралар кешенін жүзеге асыру.	Әдеп қоры  Құқық қорғау жүйесіндегі әдеп қоры тәртіпті жүргізу жылғы 2

# 2014-2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспарының іске асырылуы туралы есеп

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы сайтында жарияланған  
(<http://blog.astana.prokuror.kz>)

Ықтимал тәуекелдің атауы	Тәуекелдерді басқару бойынша жоспарланған іс-шаралар	Тәуекел шаралары
1	2	
		қатарлар қыс таныс жөніндегі іс-қим қа
Кадрлар ағыны, білікті қызметкерлердің жылыстауы қадағалау қызметін жүзеге асырудың сапасына кері әсер етуі мүмкін	Персоналды басқару жүйесін жетілдіру. Прокуратура органдарында қолайлы моральдық-психологиялық жағдай жасау, мәнсаптық өсу үшін жағдайлар жасау, қызмет өткеру кезінде ынталандыру мен көтермелеудің түрлі нысандарын енгізу, лайықты жұмыс жағдайларын қамтамасыз ету, тұрғын үй-тұрмыстық мәселелерді шешуге көмек көрсету	«Прокуратура» құзырлы органы (жағдаяттың ауданы) қызметін Алматы міндеттерін жылы 35

## 2-стратегиялық бағыт. Мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық ақпарат

### 2.1. мақсат Мемлекеттік органдарды, жеке және заңды тұлғаларды құқықтық статистикалық ақпарат

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің әлсіз материалдық-техникалық жарақтандырылуы олардың автоматтандыру мен біріктіруге дайын болмауына әкеп соғуы мүмкін	Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін біріктіру саласындағы өзара іс-қимылды дамыту, ведомствоаралық кеңестерде туындайтын проблемаларды (мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің дайын болмауы) қарау, олар бойынша ақпараттарды Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне және уәкілетті мемлекеттік органдарға жолдау	СДТБ жергілікті Алматы практикалық жағдайлар есептеу практикалық 2016 жылғы орта қызметкерлік практикалық ша
Еліміздің жекелеген аймақтарында қажетті байланыс арналарының болмауы автоматтандыру мен біріктіруге дайын болмауға әкеп соғуы мүмкін		

## 2. Мақсаттар мен нысаналы индикаторларға қол жеткізу

Нысаналы индикатордың атауы	Ақпарат көзі	Өлш. бірл.	Есептік кезең	
			Жоспар	
1	2	3	4	
<b>1-стратегиялық бағыт.</b> Заңдылықты қамтамасыз етуге және азаматтардың конституциялық құқықтарын мүдделерін мүлтіксіз сақтауға бағытталған қадағалау				
<b>1.1. мақсат</b> Заңның үстемдігін, азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің құқықтарын қамтамасыз ету				
Халықтың прокуратура органдарына деген сенімінің деңгейі	Сауалнама жүргізу	%	64	

**2014-2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспарының іске асырылуы туралы есеп**

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы сайтында жарияланған

<http://blog.astana.prokuror.kz>

Нысаналы индикатордың атауы	Ақпарат көзі	Өлш. бірл.	Есептік кезең	
			Жоспар	Қазіргі
1	2	3	4	5
Мемлекеттік билік органдары мен лауазымды тұлғалардың (бақылау-қадағалау, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың) шешімдері мен әрекеттерін (немесе әрекетсіздігін) даулау туралы істер бойынша сот қанағаттандырған арыздардың шешім шығарып қаралғандардың санына үлес салмағы	стат. деректер	%	47,5	
Заң бұзушылықтарды, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды прокурорлық қадағалау актілері бойынша жойылғандардың анықталғандарға қатысты үлесі (өлеуметтік-экономикалық саладағы заңдылықты қадағалау мәселелері бойынша)	стат. деректер	%	91,8	
Прокуратура органдарының әрекеттері (әрекетсіздіктері) мен шешімдеріне қылмыстық процесс қатысушылары берген сот қанағаттандырған шағымдарының қаралғандар санына үлес салмағы (сотқа дейінгі саты мен жедел-ізвестіру қызметін қадағалау мәселелері бойынша)	стат. деректер	%	21	
Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің заңсыз шешімдері мен әрекеттеріне прокурордардың қабылданбаған наразылықтарының үлес салмағы	стат. деректер	%	3	
<b>1.2. мақсат</b> Арнайы прокурорлардың сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу кезінде				
Арнайы прокурорлар тергеп-тексерген қылмыстық істер бойынша ақталған адамдардың үлес салмағы	стат. деректер	%	4	
<b>1.3. мақсат</b> Шетелдік арбитраждар мен сот органдарының				

**2014-2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспарының іске асырылуы туралы есеп**Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы сайтында жарияланған  
(<http://blog.astana.prokuror.kz>)

Нысаналы индикатордың атауы	Ақпарат көзі	Өлш. бірл.	Есептік кез	
			Жоспар	Қазіргі уақыт
1	2	3	4	5
Іздеуде жүрген және шетелдік мемлекеттердің аумағында ұсталған Қазақстан Республикасының азаматтарын беру туралы қанағаттандырылған талаптардың үлесі	стат. деректер	%	88,5	
<b>2-стратегиялық бағыт.</b> Мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық есеп				
<b>2.1. мақсат</b> Мемлекеттік органдарды, жеке және заңды тұлғаларды құқықтық статистикалық ақпаратпен қамтамасыз ету				
Электрондық форматта ұсынылатын құқықтық статистикалық ақпарат пен арнайы есептер мәліметтерінің нысандары мен түрлерінің үлес салмағы	ҚСЖАЕК деректері	%	85	
Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің электрондық жүйесі арқылы берілетін статистикалық есептердің үлесі	ҚСЖАЕК деректері	%	70	
Мемлекеттік органдардың деректер базаларымен ақпараттық өзара іс-қимыл жасаудың үлес салмағы	ҚСЖАЕК деректері	%	92	
<b>Бүкіләлемдік Экономикалық Форумы Ғаламдық бәсекеге қабілет</b>				
Саясаткерлерге деген қоғамдық сенім	БЭФ FBI есебі	ұстаным	29	
Шенеуніктер шешіміндегі фаворитизм	БЭФ FBI есебі	ұстаным	48	
Мемсекторда шешімдер қабылдаудың ашықтығы	БЭФ FBI есебі	ұстаным	30	

Нысаналы индикатордың атауы	Ақпарат көзі	Өлш. бірл.	Есептік кезең	
			Жоспар	Қазіргі
1	2	3	4	5

### 3. Аналитикалық жазба

Есептік кезең ішінде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 2014-2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспары 13 нысаналы индикаторды көздеді. Барлығы бойынша жоспарлық мәндерге қол жеткізілді.

Қоғамдық пікірді социологиялық зерттеудің (сауалнаманың) нәтижелері көрсеткендей, жалпы халық прокуратура органдарының жұмысын оң бағалайды. Жағымсыз баға беру себептері арасында респонденттер көбінесе сыбайлас жемқорлық көріністері мен кейбір прокурорлардың жеткіліксіз біліктілігін көрсетті.

2016 жылдың екінші жартысынан бастап Бас прокуратура бұл салаларда түбегейлі өзгерістер бастағандығын атап өткен жөн.

«Прокуратураға – үздік кадрлар!» жобасы іске асырылуда, оның шеңберінде прокуратура органдарына қызметке кандидаттар іріктеуге жаңа тәсілдер енгізілді. Енді құзыреттіліктерді бағалау үшін 4 инструмент көзделген, оның ішінде өмірлік тәжірибесін сипаттау, эссе жазу, кейстік (жағдаяттық) міндеттер шешу және психологиялық зерттеу. Орындалған жұмыстарды шифрланған түрде тәуелсіз сарапшылар бағалайды (кандидат оны кім бағалайтынын, ал сарапшы кімнің жұмысын бағалайтынын білмейді). Бағалаудың жаңа инструменттерін қолдана отырып өткізілген екі конкурс қорытындылары бойынша, 1839 кандидаттың тек 128-і ған барлық кезеңнен сүрінбей өтті. Қазір 64 кандидат еліміздің қалалық және аудандық прокуратураларында лауазымдарға тағайындалды.

Жүйелі негізде Құқық қорғау органдары академиясы ұйымдастыратын оқыту іс-шаралары арқылы прокурорлардың кәсіби деңгейі мен біліктілігі арттырылады. 2016 жылы кәсіби даярлау курстарынан бір ай ішінде 221 жас маман өтті (қызмет өтілі бір жылға дейінгі), кәсіби қайта даярлаудан және біліктілік арттырудан – Құқық қорғау органдары басшылығының президенттік резервінде тұрған 9 прокурор өтті. 630-дан астам қызметкер оқыту тренингтеріне қатысты.

Сыбайлас жемқорлық көріністері мен әдеп нормаларын бұзушылықтар профилактикасы мен алдын алу жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында, ішкі (өз) қауіпсіздігін қамтамасыз ету желісі бойынша аумақтық прокуратуралардың барлық қызметкерлері Бас прокуратураның бейіндік Басқармасына қайта бағынысты етілді. 2016 жылы өз күштерімен 3 сыбайлас жемқорлық фактісі анықталды. Олардың барлығы БАҚ-тарда ашық әрі объективті түрде жарияланды. Әдеп стандарттарын бұзғаны үшін тәртіптік түрде барлығы 20 прокурор жазаланды, оның ішінде 9-ы жұмыстан шығарылды. Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесінің отырысында 2016

## 2014-2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспарының іске асырылуы туралы есеп

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы сайтында жарияланған  
(<http://blog.astana.prokuror.kz>)

жылдың 27 желтоқсанында құқық қорғау органдары жеке құрамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мен Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексін сақтауы мәселелері қаралды. Қорытындысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың, оны болдырмаудың, құқық қорғау қызметі жүйесінде әдеп стандарттарын сақтаудың тиімді жүйесін құру бойынша нақты іс-шараларды көздейтін Жол картасының (іс-шаралар жоспары) таныстырылымы өтті.

Бұдан басқа, есептік кезеңде индикаторға қол жеткізу мақсатында, прокуратура органдары ашықтықты арттыруға және жұртшылықпен тиімді диалог орнатуға мақсатты шаралар қабылданды:

Ø Жеке қабылдауда 46 мыңнан астам азаматтар мен заңды тұлғалардың өкілдері қабылданды, оның ішінде прокуратура органдарының басшылары 31 мыңнан астам. Өтініштер бойынша 32 мыңнан астам азаматтың құқықтары қалпына келтірілді;

Ø Бас прокуратура алқаларын «Facebook» әлеуметтік желісінде онлайн трансляциялау әдісі енгізілді;

Ø Орталық аппараттың 24 қызметкерінен және облыстық прокуратуралардың 12 қызметкерінен тұратын Шешендер пулы жасақталды. Олар әлеуметтік-құқықтық телебағдарламаларға, радиобағдарламаларға қатысып, құқықтық түсіндіру жұмысын жүргізеді;

Ø «Прокурордың 100 кеңесі» практикалық жинағы мен оның тегін мобильді қосымшасы әзірленді. Бұл жинақ заң тұрғысында күнделікті өмірде жиі туындайтын сұрақтарға жауаптар береді;

Ø «Қылмыстық құқық бұзу картасы» интернет-порталы құрылды. Оған барлық қалалар мен аудан орталықтарының карталары қосылды. Бұл 203 елді мекен, онда 11,3 млн. астам азамат тұрады. Кез келген облыс түймесін басу арқылы қылмыстардың жалпы санын, ал жақыннан көру арқылы көшелер бойынша қылмыстылықтың егжей-тегжейлі сипатын, оның ішінде қылмыс орнын, уақыты мен түрін көруге болады. Картада сондай-ақ учаскелік полиция бекеттерінің орналасқан жері туралы мәліметтер бар.

Жалпы прокуратура органдары жұмыстарының нәтижелері БАҚ-тарда 26 330 материал беру арқылы жарияланды, о.і. баспада – 10 800, ведомстволық сайттарда – 3 822, радиодан сөз сөйлеу – 3 324, телевидениеден сөз сөйлеу – 4 168 және т.б.

Қадағалау қызметінің басымдықтары ретінде, бұрынғыша, азаматтардың құқықтары мен мемлекет мүдделерін қорғау болды.

Прокурорлық қадағалау актілері бойынша 1,5 миллионға жуық азаматтың құқықтары қорғалды, олардың ішінде 270 мың бала, 5,9 млрд. теңге мөлшерінде жалақы берешектері өтелді, 26 млрд. теңгеге 770 заңсыз мемлекеттік сатып алудың күші жойылды. Ұлтқорға нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмаған 12,6 млрд. теңге өтелді. Прокурорлық қадағалау актілері бойынша бюджетке барлығы 62 млрд. теңге өндіріп алынды. Сот актілеріне берілген наразылықтар бойынша 19 млрд. теңгеге мемлекеттік бюджет шығындарына жол бермеу жұмысы атқарылды.

2016 жылы Бас прокурордың қоржынында 42 бастама болды (аяқталғаны – 3), о.і. тұрмыстық зорлық-зомбылық, азаптау, жерлерді өздігімен басып алу, кәсіпкерлікті қорғау, үлестік құрылыс мәселелері және басқа да қоғам үшін өзекті мәселелер бойынша. Олар БАҚ-тарда кеңінен таратылды. Қылмысқа қарсы іс-қимыл жасау мәселелері бойынша шетелдік мемлекеттермен халықаралық ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі жұмыс жалғасын тапты. Иранмен, Сербиямен, Сауд Арабия Корольдігімен 7 мемлекетаралық шартқа қол қойылды. Қазақстанның қылмыстық сот ісі саласындағы Еуропа конвенцияларына қосылуы үшін жағдайлар жасауға бағытталған Еуропа Кеңесінің Іс-қимылдар жоспары іске асырылуда. Бұл 47 еуропа мемлекеттерімен ынтымақтаса жұмыс істеуге мүмкіндік бермек.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер ұсыну процесі жетілуде. Есептік жылда тағы бір түрі

## 2014-2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспарының іске асырылуы туралы есеп

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы сайтында жарияланған  
(<http://blog.astana.prokuror.kz>)

---

енгізілді: «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы мәлімет беру». Бас Прокурордың 2016 жылғы 30 наурыздағы № 53 және 2016 жылғы 15 маусымдағы № 110 бұйрықтарымен осы мемлекеттік қызметті ұсыну стандарты мен регламенті бекітілді. Жалпы Бас прокуратура 2016 жылы 2 592 857 мемлекеттік қызмет көрсетті (4 түр бойынша). Барлығы уақытылы және сапалы. Қызмет алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсетудің тәртібі туралы хабардарлығын арттыру мақсатында 224 түсіндіру іс-шаралары өткізілді. Ағымдағы жылы прокуратура органдарының күштері Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 196 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын іске асыруға бағытталатын болады.

**Қайнар:** <http://blog.astana.prokuror.kz/kaz/prokuratura/prokuraturanyn-kyzmeti/strategiyalyk-zhospar/2014-2018-zhyldarga-arnalghan-strategyalyk>